

**Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу мен оларды жою және өнеркәсіптік қауіпсіздік мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 15 маусымдағы N 563 Заңы

Қазақстан Республикасының мына заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. "Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туралы" 1996 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 11-12, 263-құжат; 1998 ж., N 23, 416-құжат; 1999 ж., N 4, 101-құжат; 2000 ж., N 6, 145-құжат; 2003 ж., N 14, 112-құжат):

1 ) 1 - б а п т а :

бесінші абзацтағы "жарияланған" деген сөз "туындаған" деген сөзбен ауыстырылсын;

алтыншы абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар таралу ауқымына және келтірген нұқсанның көлеміне қарай объектілік, жергілікті, өңірлік және жаһандық болып бөлінеді." ;

жетінші, сегізінші, тоғызыншы және оныншы абзацтар алып тасталсын;

2 ) 1 0 - б а п т а :

сегізінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"төтенше жағдайлардың сыныпталуын белгілейді;" ;

он төртінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"табиғи және техногендік сипаттағы жаһандық төтенше жағдайлардың зардаптарын жою туралы шешім қабылдайды;" ;

3) 13-баптың үшінші бөлігінің төртінші абзацы алып тасталсын;

4) 19-бап алып тасталсын;

5) 20-бап мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

"Төтенше жағдайлар аймағының шекараларын Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес тағайындалған төтенше жағдайларды жою басшылары Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген төтенше жағдайларды сыныптау негізінде айқындайды." ;

6) 24-бап алып тасталсын.

2. "Авариялық-құтқару қызметі және құтқарушылардың мәртебесі туралы" 1997 жылғы 27 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 6, 69-құжат; 1998 ж., N 24, 436-құжат; 2000 ж., N

8 , 1 8 7 - қ ұ ж а т ) :

1 ) 1 - б а п т а :

үшінші абзацтағы "және материалдармен жаратандырылған" деген сөздер ", материалдармен жаратандырылған және кинологиялық қызметпен қамтамасыз етілген " деген сөздермен ауыстырылсын;

оныншы абзацтағы "технологиясы мен авариялылық сипаты жөнінен ерекше қауіпті өндірістерге" деген сөздер "қауіпті өндірістік объектілерге" деген сөздермен ауыстырылсын ;

2 ) 7 - б а п т а :

1 - т а р м а қ т а :

екінші абзац "өртке қарсы," деген сөздерден кейін "суда құтқару," деген сөздермен толықтырылсын ;

үшінші абзацтағы "және өртке қарсы құрамалар" деген сөздер ", өртке қарсы және суда құтқару құрамалары" деген сөздермен ауыстырылсын; мынадай мазмұндағы 4-тармақпен толықтырылсын:

"4. Кәсіби авариялық-құтқару құрамалары арнаулы техникамен, жабдықпен, құрал-сайманмен, керек-жарақпен, аспаптармен, материалдармен жаратандырылады және кинологиялық қызметпен қамтамасыз етіледі.

Кәсіби авариялық-құтқару құрамаларын жаратандырудың және кинологиялық қызметпен қамтамасыз етудің нормаларын Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді. " ;

3) 17-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Төтенше жағдайларды жою басшысының өкілеттігін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды. ";

4 ) 2 3 - б а п т а :

2-тармақтың соңғы абзацындағы "пайдалануға" деген сөзден кейін нүктелі үтір қойылып, "құқылы." деген сөз алып тасталсын және тармақ мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын :

"қызметтік іздестіру иттерін қолдануға құқылы. ";

5-тармақтағы "тамақпен" деген сөз "тамақ өнімдерімен" деген сөздермен ауыстырылсын.

*Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Президенті*